

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.2 - Б.199-200

«МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ КРОССПЛАТФОРМАЛЫ ҚҰРУ» ПӘНІН ОНЛАЙН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУ

*Ахметова Ұлдана, 3 курс студенті
С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазіргі таңдағы әлемді жайлаған пандемия жағдайында онлайн оқыту жүйелерін дамыту өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты түрлі кроссплатформалы мобильді қосымшаларды құруды үйрететін пәннің де алатын орны ерекше. Жұмыста «Мобильді қосымшаларды құру» пәніне оқытатын онлайн жүйені құру қарастырылған.

Онлайн оқыту жүйесінің пайдалы жақтары өте көп. Оны атап өтетін болсақ:

- уақыттың үнемделуі;
- жеке оқыту қарқыны;
- желідегі оқыту бағдарламалары әдетте икемді және пайдаланушының қажеттіліктеріне бейімделеді;
- онлайн оқыту жекелендірілген, яғни өзіңіз ғана жеке оқуға мүмкіндік болады және т.б.

Яғни, жасалынған жұмыс сізге онлайн түрде мобильді қосымшаны құру бағдарламасын үйретеді. Онлайн оқыту жүйесі арқылы кроссплатформалы мобильді жүйе құрылымы пәнін толықтай меңгеріп шығасыз.

Кроссплатформа оқыту пәнін үйрену және оны толықтай меңгеруге арналған барлық ақпаратпен қамтылған онлайн оқыту жүйесін жасап шығару. Бұл оқыту жүйесі студенттерге және де осы пәнді үйренгісі келетін пайдаланушылар үшін де үлкен көмек болып табылады.

Онлайн оқыту жүйесі HTML, CSS, JavaScript, PHP бағдарламалау тілдерінде және Laravel платформасында жазылып шықты.

Жұмыс барысында тақырыптар бойынша теориялық ақпараттар, зертханалық жұмыстар, тесттер, тапсырмалар, бейнежазбалар толық қамтылған. Оқыту жүйесінде оқытушылардың және оқушылардың жұмыс жасауына болады. Оқыту жүйесінің негізгі мүмкіндіктері [1]:

- 1) Мәлімет қорлары бойынша жинақталған теориялық ақпаратты игеруге мүмкіндік береді;
- 2) Мәлімет қоры бойынша игерілген теориялық білімді зертханалық жұмыстар, интербелсенді тапсырмалар, тесттер арқылы бекітуге болады;

3) Қосымшада келтірілген бейнежазбаларды көру арқылы мәлімет қорлары мүмкіндіктерін қарастыруға болады.

Қандай да бір жүйені жобалаудың алдында, ең біріншіден, бағдарламалық кешен операцияларының құрамын және қажеттіліктерді талдау, нақты жүйенің жобалауының құралымен функцияларды жүзеге асыруын анықтауы қажет.

Жобаланатын жүйеде келесі мүмкіндіктер болуы керек:

1) Оқыту жүйесінің макеті – элементтер және шешімдердің сабақтастық жиынтығы, сайттың сыртқы түрі мен функционалдылығын анықтайды. Сайттың элементтерінің арасында түстердің үйлесімділігі, қаріп пішімдері, мәтіннің рәсімделу стилі, графикалық элементтер рәсімделуі, орналасуы және тағы басқа жатады [1];

2) Дизайн – сайт беті, қолданушы пікірімен қалыптасуының ең басты факторы, көрсетілетін ақпарат формасы және қолданушы интерфейсі (Вайнман Л., 2001);

3) Веб-дизайнды тиімді өңдеу келесідей талаптарды сақтауды қажет етеді;

4) Техникалық тапсырма бойынша бір немесе бірнеше дизайн құруға болады. Сонымен қатар басты бет дизайны және тұрпаттық беттер бөлек құрылады (мысалы, жаңалықтар, мақалалар, өнімдер каталогы);

5) Дизайн-макет файлының пішімі – PSD (белсенді элементтер қабаттар бойынша қалыптандырылуы керек). Керекті нысандар міндетті түрде жеке қабатта қалыптандырылуын ескеру қажет [2];

6) Түстер үлгісі – RGB (көпшілік қолданушылардың мониторын суреттеу басымдылығының түстер үлгісі);

7) Контент мәтінінің қаріпі пиксельді болуы қажет. Кеглдің тек қана бүтін сандарын қолдануға болады. Тек қана стандартты қаріптер тобын қолдануға болады (Tahoma, Arial, Verdana, Times New Roman, Courier).

Мобильді қосымшаларды кроссплатформалы құрудағы онлайн оқу жүйесінің негізгі талаптар [3]:

- әкімшілік тіркеу жүйесін жасау;
- оқыту жүйесінің дизайны;
- деректер қорымен жұмыс жасалынуы;
- оқыту жүйесінің ыңғайлы және түсінікті ақпаратпен толықтырылуы;

- зертханалық және практикалық жұмыстардың кірістірілуі.

Онлайн оқыту жүйе контенттері:

- 1) Бастапқы бет;
- 2) Теориялық ақпарат;
- 3) Зертханалық жұмыстар;
- 4) Бейнежазбалар;
- 5) Тест;
- 6) Қосымша ақпараттар.

Кросс-платформалық немесе платформааралық оқыту – бұл бағдарламалық қамтамасыз етудің екі және одан да көп аппараттық

платформалармен және (немесе) операциялық жүйелермен жұмыс істеу қабілеті. Сондықтан да мұндай жүйелерді құруды меңгеру заман талабы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Фролов, А. В. Практика применения PERL, PHP, APACHE и MySQL для активных Web-сайтов РНБ: 2002-5/2015;
2. <http://www.htmlbook.ru>;
3. Вайнман Л. Динамический HTML : руководство разработчика Web-сайтов: DiaSoft, 2001. - 449 с. Шифр РНБ: 2002-5/517.

Ғылыми жетекші: Айтимова Ұ.Ж.